

населения. Поэтому люди вынуждены теснее сотрудничать в решении своих местных проблем. Именно собрания граждан могут создать целостную систему институтов самоуправления, посредством которой население муниципального образования могло бы активно воздействовать на условия окружающей их жизни.

Бекішева Р.Е., магистрант

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

ҚАЗАҚ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНДЕГІ КОНЦЕПТІЛЕРДІҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Этнос және оның тілін біртұтас, өзара тығыз байланысты құбылыс деп қарасақ, тіл қоғамда тек сол этностың қарым-қатынас құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар сол этностың бүкіл рухани, мәдени байлығының куәгері.

Өткен өмірдің тәжірибесі мен өнегесін сөзбен өріп, жадында сақтау қасиеті болмаса, ешбір халықта дәстүр жалғастығы мен мұрагерлік те болмаған болар еді. Осылайша халықтың жадында сақталып, бізге жеткен қазына байлығымызды толық меңгеріп, дұрыс қолдануға үйрету мақал-мәтелтаным ғылымының да бір міндеті. Ата-бабаларымыздың басып өткен сан ғасырлық даму жолы, тас мүсіндер мен жартастарға қашалған сына жазуы мен т.б. ескерткіштері этнос өмірінің мың да бір елесі ғана. Шын мәнісіндегі даналығы мен дүниетанымы тек тілінде, оның мақал-мәтелдерінде ғана сақталады. Әрбір дәуірде өмірге қажет болған құрал-сайманның, қару-жарақтың, киер киім мен ішер тамақтың, тұрмыстық заттар мен салт – санаға, әдет-ғұрып, наным-сенімге, ойын-күлкі, той-томалаққа т.б. байланысты ұғымдардың аты-жөні, сыр-сипаты тек тіл фактілері ретінде, соның күрделі де құнарлы бір саласы

ЛИТЕРАТУРА

1. Конституция РФ. Комментарий под ред. Б.Н.Топорнина. М., 1994.
2. Ведомости Верховного Совета РСФСР. 1986. № 36. Ст. 1269.
3. Дмитриев Ю.А. Свобода манифестаций в СССР. М., 1991.
4. Ковалев В.Т. Самоуправление: теория и практика. М., 1991.
5. Комарова В.В. Формы непосредственной демократии в России. М., 1998.

– мақал-мәтелдерді арқылы ғана бізге жеткен. Әсіресе, жазу-сызу болмаған халықтарда осыншама мол дүниені жадында сақтайтын басқа тәсіл жоқ.

Мақал-мәтелдерді топтастыра, іштей жіктеп зерттеудің қажеттілігі де осыған байланысты. Сондықтан да болар бұл мәселені қазақ тілі бойынша арнайы зерттеген ғалымдар, солардың бірі Ә.Т.Қайдар іштей жіктеудің «Этнолингвистикалық принциптерін» ұсынады. Бұл үрдіс кез-келген тілдік фактілермен қатар мақал-мәтелдерді де топтастырып қараудың тиімді тәсілдерін ұсынады. Сондықтан да ол бұл принцип бойынша тіл байлығын табиғи жүйесімен жіктеп, өзара байланысты «Адам», «Қоғам» және «Табиғат» деп, үш салаға бөліп қарастырады. Шынында да, осы үш сала бойынша анықталатын адамзат, табиғат, қоғам құрылымына қатысты барша ұғым-түсініктерді толық қамтиды. [1]

«Адам» саласының бірінші орында тұру себебі: «Егер адам, өмірде адам болып, саналы тұлға ретінде қалыптаспаса, бұл дүниенің барлығын ешкім біліп, алмаған болар еді». Мұнда адамның дүниетану қабілеті, саналылығы, ойлау процесі, көру, сезу, есту, белгілі бір зат пен құбылысты

айыра білу, пайдалы-зиянды екенін ажырату т.б. осы сияқты қасиеттері анық байқалады. Адамдардың өзара қарым-қатынасы, табиғатты тануы да осылайша қалыптасады. «Адам», «Қоғам», «Табиғат» деп үш салаға бөліп қараудың ұсынған принципі-барлық құбылысты түгел қамту дегендік. Егер әңгіме төрт түлік мал, оны өсіру, пайдалану, емдеу т.б. жайында болды десек, онда «Табиғат» саласының «Жануарлар дүниесі» деп аталатын макро тобына дәлірек айтқанда, «Үй хайуандары» деген микро тобына жатқызылған болар еді. Мәселен, қыран құстар «Жануарлар дүниесінің», «Құстар» деп аталатын тарауына жатады. Бірақ қыран құстар жайында этнографиялық мәліметтер «Кәсіпшілік» деп аталатын макро топтың «Аңшылық-саясаткерлік» деген тарауында да берілуі мүмкін. «Қоғам» саласына жататын «Шаруашылық» деген макро тобына барлық кәсіптің («Зергерлік», «Егіншілік», «Мақташылық», т.б.) шаруаға қатысты түрлерін түгел қамтиды. Мәселен, домбыра жайындағы мәліметтерді іздейтін болсақ, біз бұл системаның «Өнер» тобынан қарастыруымыз керек. Домбырашыға, домбыраның өзіне, бөлшектеріне, оны жасаушы шеберге байланысты ұғымдардың бәрін бір «Өнер» саласына жататын «Ән күй» тарауынан табуымызға болады. Егер, «Жетім перне» деген ұғым домбыра пернесі ретінде домбыраға қатысты берілсе, жетім деген атаудың өзі «Адам» деген салада «жетім бала», «жетім қалу», «жетімсіреу», «аталы жетім», «аналы жетім», «арсыз жетім», «ерке жетім» сияқты адамға байланысты ұғымдарды «Адам» деген макро топтың «Адамның қалып күйі» деген микро тобынан қарастыруға болады. Сондықтан да, қазақ мақал-мәтелдерін өзара топтастырғанда аталған үш саланың біреуіне тәндігі айқын емес, екі ұдай мақал-мәтелдерді тірек сөздерінің заттық мағыналарына қарай топтастырған жөн. Мысалы, қазақ ті-

ліндегі: «Аш бала тоқ баламен ойнамайды, Тоқ бала аш болам деп ойламайды» «Өзі болған қыз төркінін танымас» деген мақалдарды «Адамға» қатысты деп топтастырсақ; «Бейбіт елде береке бар», «Ел іші – береке, көп ісі – мереке» тәрізді мақалдарды «Қоғам» тақырыбына, ал «Ат аяғын тай басар», «Жері байдың елі бай» т.б. мақал-мәтелдерді «Табиғат», «Жан-жануарлар» саласына жатқызуға болады. Алайда, мақал-мәтелдердің көпшілігі «Адам», «Қоғам» және «Табиғат» салаларына тән заттар мен құбылыстарға қатысты ұғымдардың басым көпшілігі ауыс мағынасында «Адамға» қатысты айтылады. Мысалы: «Заманың түлкі блса, тазы боп шал» деген мақал «заман», «түлкі», «тазы» ұғымдарына қатысты құралса да, сайып келгенде, адамға бағышталып тұр. Бұл арада «гомоцентристік» (адамға бағыштау) деген үрдістің әсері басым.

Академик Ә.Қайдаровтың этнолингвистикалық жіктеуіне тереңірек үңілсек, «Адам», «Қоғам», «Табиғат» деп аталатын топтары өз ретінде «Адам» саласы: бмакротоптан, «Қоғам» саласы: 16 макро топтан, 79 микро топтан; «Табиғат» саласы: 7 макро топтан, 35 микро топтан тұрады. [2]

Тақырыптық макро топтардың үлгі үшін «Адамға» қатысты кейбір мақал-мәтелдерді келтірейік:

1) *Адамға қатысты мақал-мәтелдері: «Адам – адаммен адам»; «Адам бір-ақ рет туады, бір-ақ рет өледі».*

2) *Туыс-жақындыққа қатысты мақал-мәтелдері: «Ағайын алыс жүрсе, кісінесер, жақын жүрсе, тітесер»; «Ағаның үйі-ақ жайлау, інінің үйі-індекеш»*

3) *Денсаулыққа қатысты мақал-мәтелдері: «Бірінші байлық-денсаулық, Екінші байлық-ақ жаулық, Үшінші байлық-он саулық»; «Денің сау болса-бір бақыт».*

4) *Тілге қатысты мақал-мәтелдері: «Тіл-ақылдың көрінісі, Бірлік-*

тің-кілті»; *Тіл-қақпа баққан ашулы арыстан»;*

5) *Тіршілік-тұрмыс көздеріне қатысты мақал-мәтелдері: «Тіріде базары-бір, өлгенде мазары-бір»; «Тісің тісіңе тисе-ас, тізең жерге тимесе-ат»;*

Соңғы кезде әлем бейнесін когнитивтік тұрғыдан қарастыруда «концепт» ұғымы аса маңызды мәнге ие. Концепт – ол тілдік тұлғаның тілдік-когнитивті деңгейлерінің негізгі бөлшегі, әлемнің шындық немесе қияли негізін көрсетуші ұжымдық сананың қозғалысын айқындаушы бірлік. Адам санасындағы дүние бейнесі табиғаты жағынан әр алуан болып келетін концептердің көмегімен көрініс табатыны белгілі. Олар сөз арқылы таңбаланып, вербалданады. Қазақ тіл білімінде концепт теориясы лингвистикалық сипатта нақты қарастырылмағанмен, оның кейбір белгілері мен ойтүрткі болар пікірлері Қ.Жаманбаева, Г.Смағұлова, Б.Ақбердиева, М.Күштаева, Ш.Елемесова, С.Жапақовтардың ғылыми зерттеу еңбектерінде байқалады.

«Концепт» термині соңғы жылдары тіл білімінің жаңа бағыттарына сәйкес өзекті терминіне айналып, негізгі ұғым – сөз мәнінде жұмсалып, тек мәдениетпен байланысты таным-түсініктерде ғана емес, басқа да, әмбебап қабаттағы қарым-қатынас қызметіне айналып келеді. Осыған орай, концепт ұғымы арқылы ғаламның тілдік бейнесін түсіндіру мәселесі бүгінгі тіл біліміндегі аса маңызды мәселелерге айналып отыр. Кубрякова Е.С. концепт туралы «Понятие концепта отвечает представлению о тех смыслах, которыми оперирует человек в процессах мышления и которые отражает содержание опыта и знание, содержание результатов всей человеческой деятельности и процессов познания мира в виде неких «квантов» знания», - деп тұжырымдаса, [3] А.Вежбицкая концепт ұғымын «Адамның әлем туралы жинақ-

талған мәдени түсініктері бейнеленген және атаулары бар ғаламның тілдік бейнесі ретінде тану» деп көрсетеді.

Бұл терминге В.Н.Телия «Концепт – біздің сол нысан туралы білетініміздің барлық жиынтығы, соны» мағынасының барлық экстенциясы» - деп өз тұрғысынан анықтама береді. Яғни ғалымдардың берген анықтамасынан концептің ғалам бейнесіндегі ұжымдық таным түсініктердің кешенді мазмұнға ие күрделі құбылыс екенін байқауымызға болады. Адам қоршаған ортаны тани отырып, ол жайлы өзінің көзқарасын бақылау, әсер алу, сезіну, есте сақтау, қиялдау, түрлі ассоциациялар жасау және т.б. психикалық іс-әрекеттердің нәтижелері негізінде қалыптастырады.

Концептілік талдау семантикалық талдауға ұқсас болғанымен, өзіндік мақсаттарымен ерекшеленеді. Семантикалық талдаудың мақсаты – сөздердің мағынасын түсіндіру болса, концептілік талдаудың мақсаты – ғаламның тілдік бейнесі туралы білім қалыптастыру және «бір ғана таңбаның аясында жинақталатын жалпы концептілерді тауып, когнитивті құрылымындағы сол таңбаның болмыс-бітімін анықтау»

Яғни концептілік өріс құру арқылы белгілі бір концепт тұрғысынан ғаламның тілдік бейнесін көреміз. Концептерді табу мақсатында лексикалық және семантикалық бірліктерге контекстуалдық талдау жасалады.

Адам санасындағы дүние бейнесі табиғаты жағынан әр алуан болып келетін концептердің көмегімен көрініс тауып, олар сөз арқылы таңбаланып беріледі.

Осы тұрғыдан Т.Ізтілеуовтің шығармаларының негізгі концептілік жүйесін негізінен, былай деп анықтауға болады: «өмір», «өлім», «оқу, ғылым», «адамгершілік», «сұлулық», «қайғы», «өкініш» «татулық, бірлік», «бақыт», «кедейлік», «байлық», «жастық», «кәрілік», «жастық», «батыр-

лық, ерлік», «туыстық», «надандық», «ақыл», «соғыс». [4]

Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, қабылдаушының көркем мәтінді ұғынуына көмектесетін тірек (концепт) мағыналар – автордың «танымдық бейнесін» сомдайтын жеке мағыналардың жиынтығы.

Өмірлік мәні бар адамзатқа ортақ концептілердің бірі – «өмір» концептісі. «Өмір» - қазақ тіліне араб тілінен енген сөз. Оның бірінші мағынасы «өмір» дегенді білдірсе, екінші мағынасы – «адамның жасы, ғұмыр» мағынасын білдіреді, ол сайып келгенде, «уақыт», «заман», «тағдыр», «өлім» т.б. концептілерімен макрофреймдік қатынаста, ал, тілдік белгі ретінде ортақ лексикалық-семантикалық топта болатынын көрсетеді. Мысалы, *Өмір* концептісі: *тіріңде тіршілік қып тырбану; қу дүние; дүниенің төрт бұрышы; баянсыз пәни жаһан; бұл дүниенің бес күні; дүниенің тұтқасы; дүние шолақ; өмір-базар; қу заман* т.б. сөз тіркестерімен берілген.

Пәлсапалық тұрғыдан алғанда «өмір» - адамға берілген белгілі бір уақыт мөлшері. Адамға өмір екі рет берілмейді.

«Өмір» концептісіне қатысты мақал-мәтелдер: *«Өмірдің ұзағын тілеме, қызығын тіле!»; «Өмір-кезек, өлім-ортақ»;*

«Өлім» концептісіне қатысты мақал-мәтелдер: *«Өткен қайтып оралмас, өлген қайтып келмес»; «Өлімсіз дүние болмайды, өткелсіз кешу болмайды»;*

Оқу, ғылым концептісіне сай түзілетін тезаурусты былайша көрсетуге болады: Мысалы, тілде қалыптасқан өнер, ғылым, шәкірт, үлгі, талап, ғибрат, ілімнің кені; білім кілті; талпынған талапкер т.б.

Оқу, ғылым концептісіне арналған мақал-мәтелдер: «Білім барға, ілім бар», «Ғылым-іштегі нұр, өнер-сыртқа салынған түр»;

Ақыл концептісіне арналған мақал-мәтелдер: «Ақылдыға біткен сақал-жөн, ақылсызға біткен сақал-жүн», «Ақылсыз адам-ауыздықсыз ат»;

Қазақ ұлтының мәдени өмірінің көрінісі – мақал-мәтелдерден ерекше байқалады. Өйткені қазақ мақал-мәтелдері – халық өмірінің айнасы. Бұл айнада ұлт менталитетінің көрінісі тұтастай камтылады. Сондықтан да мақал-мәтелдерде астарлы ой, символдық мағына, көркемдік таным үлгілері басым.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қарсыбекова Ш.Т. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерді топтастырудың этнолингвистикалық принциптері. [Мәтін]: Автореф./ Қарсыбекова Ш.Т. –Алматы, 2004, - 29 б.
2. Тұрабаева Ф. Окказиональные преобразования пословиц и поговорок в казахском языке. Алматы, 1989, 224 с.
3. Вежбицкая А. Язык. Культура и познание. М., «Русские словари», 1996.
4. Кубрякова Е.С., Демьянков В.З. Краткий словарь когнитивных терминов. М.: МГУ, 1996.

Бурмагина Л.А., ст.преподаватель

Костанайский государственный педагогический институт

ПЕСНЯ КАК МОТИВАЦИОННЫЙ ФАКТОР И КАК СРЕДСТВО ДОСТИЖЕНИЯ ОСНОВНЫХ ЦЕЛЕЙ ОБУЧЕНИЯ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ

Комплексное решение практических, образовательных, воспитательных и развивающих задач обу-

чения ИЯ возможно лишь при условии не только воздействия на сознание учащихся, но и на проникновение